

ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНЫҢ МӘТІНДІК ДЕҢГЕЙІ

Мәтін лингвистикасы туралы сөз болғанда, бір зерттеулерде мәтіннің жазба нұсқаға түскен сөйлеу құрылымы екені баса айтылса, кейбір зерттеушілер мәтінді ауызша да, жазбаша да сөйлеу құрылымында кездесетін жүйе ретінде қарастырады.

Зерттеушілер мәтінді «коммуникацияның тәртіпке түскен түрі» дей келіп, ауызша тілдік коммуникация мен жазбаша тілдік коммуникацияның айырмасын төмендегіше талдап көрсетеді: біріншіден, жазбаша тілдік коммуникацияда (ЖТК) сөйлеуші мен тыңдаушының арасында объект дәнекер — мәтіннің жазба нұсқасы бар, ауызша тілдік коммуникацияда (АТК) ол жоқ. Екіншіден, ауызша тілдік коммуникация монологтық байланысты білдіреді, жазбаша тілдік коммуникация диалогтық байланысқа құрылады.

Үшіншіден, ЖТК-да бір субъект хабар жіберсе, екіншісі тек қабылдайды, ал АТК-да субъектілер арасындағы хабар жіберу екіжақты болады. Төртіншіден, АТК-да субъектілердің өзара симметриялы, информациялы әсері болса, ЖТК-да бір субъектінің әсері екіншісіне асимметриялы, информативті болады. Бесіншіден, АТК тілдің дыбыстық белгілеріне сүйенсе, ЖТК тілдің қолданбалы белгілеріне сүйенеді. Алтыншыдан, АТК-да хабарды тарату, қабылдау уақыт пен кеңістікке бағынады, ЖТК-да олай емес. Жетіншіден, АТК-да хабарды тарату мен қабылдау — бір уақытта, ЖТК-да сатылы түрде, бірінен кейін бірі жүзеге асырылады [1.16.].

Жыраулар поэзиясының мәтіндік деңгейіне АТК-да, ЖТК-да жат емес, себебі жырдың бастапқы нұсқасы (импровизациялық сипатта)

дүниеге келіп, кейінірек жазба нұсқаға түсірілген. Жырдың жазба нұсқасы жазу тіліне тән «тәртіп-терге» бағына отырып, өзінің түпкі ауызша табиғатын да сақтайды.

Жыр мәтіні ауызша дүниеге келу үстінде айтушы мен тыңдаушының тікелей қарым-қатынас ерекшеліктерін бойында сақтайды. Жыршы тыңдаушысымен бетпе-бет отырып, сөз жүйесін түзеді. Мәтін түзілімінде реципиенттің әр түрлі эмоциясы, білімдік аясы, тіпті жас ерекшелігі ескеріледі. «Алқаның» ынғайына қарай сөз таңдау, сөз мағынасын құбылта беру, сөз құрылымын ырғақ пен ұйқасқа, интонацияға бағындыру сияқты уәждемелер жүзеге асырылады.

Жыраулар поэзиясына текстологиялық талдау жүргізу барысында жырдың бірнеше нұсқасынан негізгі «классикалық» нұсқасын анықтау жырдың мәтіндік деңгейіне ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеу жүргізуді қажет етеді.

Қ. Күржіманұлының «Қонақ көде» жырының бізге белгілі үш нұсқасы бар: 1-нұсқа ақынның «Топан» (А., Жалын, 1991) жинағында жарияланған бас-аяғы 35 жол өлең, 2-нұсқа «Бұл дүниеде не жетім» (Ақтау, 1991) жинағында «Азық жыры» деген атпен жарияланған 158 жол өлең, 3-нұсқа ауызша жырлаудан таспаға жазылып, жыр жинақтаушы Ж. Жылқышиев қағазға түсірген 212 жолдан тұратын жыр мәтіні.

Мәтін теориясын зерттеуші И.Р. Гальперин мәтіннің тақырыбының дұрыс таңдалуын мәтіннің толыққандылығының бір белгісі ретінде көрсетеді [1,133]. Жалпы аталым – мәтін мазмұнының көрсеткіші, мәтін арқылы берілетін коммуникацияның жинақталған, сығылған атауы, баламасы деуге болады. Аталым арқылы мәтіннің не туралы екенін аңдауға мүмкіндік туады. Бір мазмұнға құрылған өлеңнің түрлі тақырыппен қағазға түсіп, таралуы оның мазмұнын жырлаушы (жеткізуші) мен тыңдаушы (қабылдаушы) жақтың түрліше қабылдауына байланысты. Себебі мәтін теориясына қатысты еңбектерде тыңдаушының мәтінді түрліше қабылдауы, мағыналық жақтан таратуы (интерпретациялау) реципиенттің таным аясымен эмотивтілік деңгейіне байланысты болатыны жазылып жүр. В.П. Беляниннің пайымдауына сүйенсек, мәтінді қабылдау бірнеше деңгейде жүзеге асырылады: рецепент, алдымен, мәтіннің таңбалық түрін қабылдап, одан айтылымның мағынасын қабылдау сатысына өтіп, соңында мәтінді тұтас құрылым ретінде қабылдауы тиіс [2,29].

Ғылыми мәтін түрлі оқырмандар үшін бір деңгейде, яғни автордың ойға алған мазмұнында қабылданса, көркем мәтін түрлі оқырман тарапынан түрліше қабылдануы мүмкін. В.В.Виноградов шығарманың тарихи ғұмырында оның бір-бірімен эквивалент болатын бірнеше варианттары бар екенін көрсетеді [3]. Кез келген мәтін оның мазмұнында мензелетін экстралингвистикалық шарттарымен байланысты ұғылынуы тиіс. Мәтін мазмұнын қабылдау барысында әрбір оқырманның ойлау мүмкіндігіне орай, өзіндік мәтін мазмұнын ассоциациялау нұсқасы қалыптасады. Әрине мәтін мазмұнының түрліше ұғынылып, қабылдануына оқырманның психологиялық қабылдау ерекшелігі ғана емес, ортасының тарихи ерекшелігі, ұлттық мәдениеті, жеке тұлға ретіндегі эстетикалық қабылдауы ықпал етеді. Оқырман мәтін мазмұнын сырттай түсініп қана қоймай, оның астарлы мәнін де ұғына білуі керек.

Мәтін мазмұнын түсінуге қатысты экстралингвистикалық факторларға, біздің талдауымызда шығарманың шығу тарихы, шығарма авторы өмір сүрген ортаның ұлттық таным-табиғаты да жатады.

Біз сөз еткелі отырған Қ.Күржіманұлының «Қонақ көде» (Азық жыры) шығармасының туу тарихы: өлең 1924 жылы ерте көктемде Қашаған ақын бір ауылға қонақ болып жатқан отырыста дүниеге келген. Ақын түскен үйге ауылдағы үлкен-кіші жиналып, ақынның қатарлас құрбылары, жеңгелері «Қонақ көде жаса, жыр айтып бер» деп қолқалайды. Сонда ақын қолына домбырасын алып жиналғандарға бір жағы өзіл-қалжыңмен, көңіл көтеретін, бір жағы жастарға үлгі-өнеге болатын өлең жолдарын арнайды. Сөз арасында «сыртта жан серігі – атының жемсіз, су-сыз» тұрғанын айтып, өзілмен бұйымтайын да білдіре отырады. Қазақ халқына тән қонақ көде, құрдас-құрбы, қайны мен жеңге арасындағы жарасымды өзіл-қалжың сияқты этнотанымдық фактілерді жете түсінген тыңдаушы не оқырман ғана бұл өлеңнің шын астарын, эмоциялық, эстетикалық әсерлілігін сезіне алады. Мәтін мазмұнын шартты түрде мынадай бөліктерге жіктеуге болады:

1-нұсқа бойынша – 1. Қыздарға арнау; 2. Әйелдерге арнау; 3. Демалуға рұқсат сұрау;

2-нұсқа бойынша – 1. Қатар-құрбыға арнау, оларды мақтай отырып, қолқа салу, атына жем сұрау; 2. Жұртшылыққа мақтау сөз; 3. Дем алуға рұқсат сұрау;

3-нұсқа бойынша – 1. Құрбы әйелдерге арнау, өзілмен атына жем сұрау; 2. Әйел-аналарға

мақтау; 3. Жыраулық арнау; 4. Атына жем сұрау, атының жайын айту; 5. Кемпірлерге арнау-өсиет; 6. Қыздар туралы; 7. Жігіттер туралы; 8. Қорытынды сөз: кешірім өтініп, дем алуға рұқсат сұрау.

1-нұсқада өзге нұсқалардағыдай атына жем сұрайтын жолдар жоқ, қоршаған ортаның қолқасына орай, қонақтық кәде жасаған, шапшағын ғана арнау өлең.

2-нұсқада өсиет, мақтау арасына жем сұраған жолдар қосылып отырады. Жырдың «Азық жыры» аталуының астарында атының жем жейтінін тілге тиек еткен өзіл-қалжың жатыр.

3-нұсқаның мазмұны «Қонақ кәде» деуге де, «Азық жыры» деген атауға да сия береді.

Мәтіннің толыққандылығы оның көлемділігінен емес, мазмұндық құрылымынан, мағыналық жүйелілігі мен тұтастығынан, сондай-ақ мәтіннің басталуы мен аяқталу жүйесінен көрінеді.

И.Р.Гальперин мәтінді талдауға оның жеке бөлімдерінің жекеленген және өзара байланыстылықта қаралуын дұрыс деп есептейді. Мұндай талдау әдісін синтездеу немесе интеграциялау деп атайды. Интеграция термині энциклопедиялық сөздіктің түсіндіруінде мәтіннің жеке бөлімдерін жекелеп және тұтастай қарастыратын жүйе теориясының ұғымы болып табылады. Мәтіндегі интеграциялау нәтижесі оның аяқталу категориясымен байланысты. Интеграция ғылыми, публицистикалық, іскерлік мәтіндерде бір басқа, көркем шығарма мәтінде басқаша сипат береді. Мәтіндегі когезия құбылысы мен интеграцияның аражігін ажырата білу керек. Когезия – мәтіннің жеке бөліктерін байланыстыратын грамматикалық, семантикалық, лексикалық формалар, ол бір контекстік-вариативтік мүшеленуден екіншісіне өтуді көрсетеді. Интеграция – мәтіннің тұтастығын сақтау мақсатында оның барлық бөліктерін біріктіретін құбылыс [3].

Мәтін мазмұнындағы жүйелілік пен ондағы ақпараттардың бір-бірімен байланысын түзеп, тізбектеле келіп, толық ойды білдіруі оның тұтасымдылық белгісінен саналады. Мәтіннің мұндай табиғаты оны тыңдаушының тез қабылдауына (мазмұнын ұғынуына) ықпал етіп қана қоймай, мәтіннің эстетикалық бояуын да арттыра түседі.

«Қонақ кәде» жырының **1-нұсқасында** 3 бөлік (кішімәтіндік бөлшек) 3 түрлі мазмұнды иеленіп, бір-бірімен байланысы әлсіреген, соның нәтижесінде мәтіннің тұтасымдылығы бұзылған:

1-кішімәтіндік бөлшек:

Жиналып келген, қатындар,
Бір сөзім бар мақұлдар.

2-кішімәтіндік бөлшек:

Ер де туды қатыннан,
Пір де туды қатыннан,
Әулие мен әнбие
Небір тақ-тақ, бай, мырза,
Батыр да туған қатыннан...

3-кішімәтіндік бөлшек:

Жадыратып қабақты
Жарқылдат сырға, сабақты.
Ән мен жырды айтайын
Қызыққа өбден батындар.

3-нұсқада әрбір жеке бөліктер арасындағы мағыналық байланыс бір жағдаяттан екінші жағдаятқа көшудегі байланыстырғыш жолдар арқылы көрінеді. 2-кішімәтіндік бөлшектің әйелдерге арналатыны «Қатын да, қатын, қатын бар» деп басталуынан байқалса, 3-кішімәтіндік бөлшектегі жыршылық арнау «Керектерің ән мен жыр болса» деп басталып, «Бірақ сөйте тұрса да» деген жолдармен өлеңнің атқа жем сұрайтын бөлігінен өтеді. Қыздар туралы кішімәтіндік бөлшек «Кей қыздарға қарасам», жігіттерге арнау «Ал, жігіттер, жігіттер» тәрізді кіріспе жолдармен басталып отырады.

1-нұсқада әрбір кішімәтіндік бөлшек аяқталмаған, негізгі ой дамытылып, таратылмаған күйінде оқшау қалған.

3-нұсқада аталған бөлшектердің әрқайсысы бір-бір ойға желі түзіп, жеке таратылған. Әрқайсысы басталымы мен аяқталымы бар кішігірім мәтіндік жүйе құраған.

1-нұсқада мәтіндегі берілген ойдың доминанты – «сөз» (Бір сөзім бар мақұлдар), бірақ оның түпкі мәні ашылмаған (Не сөз? Қандай сөз?).

2-нұсқада «сөздің» орнына ойдың доминанты «ақы» сөзіне бағытталып, оның шешімі – «атқа жем сұрау» болып ашылған:

Жиналып келген қатындар,
Сендерде менің ақым бар.
Ақым бар дейтін себебім –
Жем жейтін арық атым бар.

«Барлық жаратылыс ананың құрсағынан басталар» деген доминант ой **3-нұсқада** «Біле-білсең фәниде» деген кіріспемен басталып, «ердің де, пірдің де, әулие, әнбиенің де, тақ-тақ, бай, мырзаның, данышпан, ғұламаның анадан жаратылатыны» көркем тілмен, күрделі оймен суреттелген. «Туу» етістігінен өзге «жаралу», «ақылына қарау», «құрсағында таралу» іс-әрекеттері көркем кестеге енгізілген:

Біле-білсең фәниде
 Ер де туды қатыннан,
 Пір де туды қатыннан
 Әулие мен әнбие
 Құрсағында ананың
 Тіршілікке жаралған
 Дүниеде ізгілік
 Сол анадан тараған.
 Не данышпан, төре де,
 Ғұлама, ақын, сұңғыла
 Ана ақылына қараған.
 Бай мен мырза, тақ-тақтар
 Батыр да туған қатыннан.

1-2- нұсқалардағы:

Жадыратып қабақты,
 Жаркылдат сырға, салақты, —

деп 2-жақты бұйрық мәнде айтылған жолдар алдыңғы жолдарынан мағыналық та, формалық та жақтан жанаспай тұрса, **3-нұсқадағы** осы жолдар «әйелдерді мақтаудың» жалғасы ретінде контексте мағыналық та, формалық та тұтасым тауып тұр:

Әйелдің орны дарак-ты,
 Табиғат әсем жаратты.
 Қиғаштай керіп қабақты
 Жанары жіті қарақты
 Толтырса асқа табақты,
 Жазып келіп қабақты,
 Жаркылдат сырға, сабақты.
 Дастарханды мол жайып,
 «Болмасын, —деп, — енді айып»
 Орынсыз сүймей мадақты
 Отырғанда ғажап-ты...

1-нұсқадағы 3-кішімәтіндік бөлшек мәтіннің тұтас құрылымымен қабыспайды, оны алдыңғы жолдармен іліктестіріп тұрған ұйқас қана (қатындар, мақұлдар, батындар), оның өзі де арадағы өзгеше ұйқастың әсерінен (қатыннан, қабақты, сабақты, айтайын, батындар) әлсіреп қалып тұр. Ал **3-нұсқадағы** осыған сәйкес кішімәтіндік бөлшек «жыраулық арнау, толғау» түрінде мәтіннің өзге бөліктеріменен тұтасым тауып тұр:

Керектерің ән мен жыр болса,
 Мен бір жырға салайын.
 Жаздыгүнгі жауындай
 Біразырақ толғайын,
 Деннің аман-сауында-ай.
 Нөсерлетіп алайын
 Сәуірдегі жауындай,
 Қызыққа өбден батындар.

Жыраулар поэзиясының мәтіндік деңгейіне ауызша тілдік коммуникация да тән екенін жоғарыда айттық. Қашағанның «Қонақ кәде» («Азық жыры») өлеңінің **2-3-нұсқаларындағы ауызша** сөйлеуге тән жолдар **1-нұсқада** тұтасымен алынып тасталған. Жаман қыздың сипаты **2-нұсқада** «Исі тура сасықтай...Биті төгілген басынан... Қайырылып шабын қасыған» деп сипатталса, **3-нұсқада** жаман қыздардың жағымсыз

суреті: «Исі тура сасықтай, Ақылы жоқ тарқылдақ, Етігінің шұлғауы қонышынан салпылдап, Төгілген биті басынан, Тыр-тырлап басын қасынған», — түрінде қоюлана түседі.

Көркем мәтіннің (біздің зерттеуімізде жыр мәтіннің) дүниеге келуі ерекше күрделі проблеманы танытады, ол тілдің көмегімен шындықты бейнелейді. Ал шындықтағы көркем мәтіннің семантикасы жан-жақты: көркем мәтін дүниені, сол дүниені сезінуші, ойлаушы әрекет етуші адамды (индивидті) танытады. Сондай-ақ, адам әлемін, адамзаттың бір-бірімен, заттар әлемімен, әлеуметтік әлеммен қарым-қатынасын сипаттау мәтіннің жоғарғы қызметінен саналады. Сондықтан да «көркем мәтін тек шындық өмірді бейнелеп қана қоймайды, сонымен бірге табиғи тілдік құралдар арқылы адам — әлем қарым-қатынасының моделін сипаттайды»[2], — деген пікір өте орынды болмақ.

Қашағанның «Қонақ кәде» жырының мәтінде қазақ халқының ұлттық дүниетанымына қатысты әлемнің тілдік бейнесі қалай берілген? Алдымен әлемнің тілдік моделі қазақтың ұлттық санасын бейнелейтін «қонақкәде», «дастархан», «әйел», «қыз» сияқты жеке концептілер арқылы танылады.

«Қонақ кәде» концептісінің мазмұны мәтінде арнайы тілдік деректермен берілмеген, бірақ жырдың осылай аталу себебін түсіну айтушы мен тыңдаушыға ортақ белгілі бір аялық білімнің болуын қажет етеді. Ол аялық білім: «Қазақ халқында қонақ — ең үлкен құрмет иесі. Егер ол өнер адамы болса, бір үйдің ғана емес, тұтас ауыл аймақтың құрметті қонағына айналады. Ауыл иелері қонаққа құрмет көрсете отырып, оның қайтарымы ретінде қонақтың да өнер көрсетуін қолқалайды. Бұл жай ғана өнер көрсету емес, «Қонақкәде» деп аталады» тәрізді мағлұматтарды қамтиды. Мәтіндегі «әйел концептісі», «әйел — ана», «әйел — әсемдік», «әйел — береке, бірлік» тәрізді фреймдік тармақтар құрайды.

«Әйел - ана

Ер де туды қатыннан, Пір де туды қатыннан, Әулие мен әнбие, Небір тақ-тақ, бай, мырза Батыр да туған қатыннан.
--

«Әйел — әсемдік» Әйелдің орны дарак-ты,
 Табиғат әсем жаратты.
 Қиғаштай керіп қабақты
 Жанары жіті, қарақты.

«Әйел — үйдің береке, бірлігі»
 Толтырса асқа табақты,
 Жазып келіп қабақты,
 Жаркылдат сырға, сабақты,

Дастарханды мол жайып,
 Болмасын,—деп,—енді айып»
 Орынсыз сүймей мадақты
 Отырғаны ғажап-ты.

«Дастархан» концептісі мәтінде: «толтырса, асқа табақты», «дастархандарын мол жайып» деген жолдармен өрнектеледі. Оның мәтіннен тыс лингвомәдени ұжым үшін ортақ танымы: «дастархан», «қонақжайлылық», «молшылық, береке» концептілерінен тұратын тұтас концептілік өріс құрайды және «қазақтың барлық байлығы, ырыс, берекесі дастарханнан көрінеді. Дастархан — тоқшылық, молшылық, қонақжайлылық, адамдардың бір-біріне ықыласы, пейілі» деген білімдік аяны қамтиды.

«Қыз» концептісінің фреймдік құрылымы «жақсы қыз», «жаман қыз» деп жіктеледі. «Жақсы қыз» — «алтыннан құйған асықтай», «күмістен құйған қасықтай», «беті мақпалдай құбылған», «сымбаты солқылдаған жас талдай», «тауға ойнаған бұлбұлдай», «қастары құндыздай», «көздері жұлдыздай» деп сипатталады. «Алтын асық», «күміс қасық», «мақпал», «жас тал», «шолпан

жұлдыз» атаулары қазақ халқының когнитивтік санасында құндылықтың, бағалылықтың, өсемдіктің, қасиеттіліктің символдық мәнін беретін ұғымдар жүйесіне топтасады. Ұлттың белгілі бір эстетикалық танымын құрайтын категориялар «қыз сипаты» когнитивтік моделінің скрипт түріндегі моделін береді.

«Жаман қыз» — «іісі сасық», «биті төгілген», «шабын қасынған», «ақылы жоқ тарқылдақ», «басын қасынған», «қонышынан шұлғауы салпылдап» тәрізді нақты қимыл-әрекет арқылы (сценарийлер) берілген.

ӘДЕБИЕТ

1. Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. М.: Наука, 1981. С. 139.
2. Белянин В.П. Психолингвистические аспекты художественного текста. М.: МГУ, 1988. С. 121.
3. Виноградов В.В. О теории художественной речи. М.: Высшая школа, 1971. 240.
4. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика. М., 2003.
5. Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка // Известия РАН АН. Серия литературы и языка. 1993. Т. 52. №1. С. 3-9.